

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Әскери және тактикалық-арнайы даярлық кафедрасы

АТУ ДАЙЫНДЫҒЫ

Тақырып № 1. Ату дайындығы пәні, міндеті, мазмұны мен құқықтық-ұйымдастыру негізі, және қаруды оқ-дәрілерді пайдалану барысында қауіпсіздік шаралары.

Дайындаған:
ӘжТАД кафедрасының
аға оқытушысы
Е.М. Махметов.

Кафедра отырысында
талқыланды және
мақұлданды
№ _____ хаттама
20 ____ « ____ » _____

Қарағанды 2023 ж.

«Ату дайындығы» пәні бойынша 6В12301 «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған.

Құрастырған;
Әскери және тактикалық-арнайы
даярлық кафедрасының
аға оқытушысы
полиция капитаны

Е.М.Махметов

Кафедра мәжілісінде қарастырылды
« » 20 ж. № хаттама

Әскери және тактикалық-арнайы
даярлық кафедрасының бастығы
полиция подполковнигі

Ф.Е.Бөрібай

Оқу- тәрбиелік мақсаты:

1. Курсанттарды Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында атыс даярлығы тәлімдемесінің атыс қаруын және патронды қолдану кезінде қауіпсіздік шарасын сақтау .
2. Курсанттарды қызметтік борышын адал атқаруға және атыс қаруын қолдануда заң талаптарын қатаң сақтауға тәрбиелеу.

Сабақ түрі: тәжірибелік**Әдісі:** әңгіме жүзінде түсіндіру, көрсету**Өткізілетін орын:** атыс даярлық сыныбы**Оқулық сұрақтар:**

1. Атыс даярлығының негізгі мақсаты мен міндеті
2. Атыстар тирлерде немесе оқу орындарының аумағында (атыс алаңдарында, полигондарда) өткізіледі. Сонымен қатар, арнайы белгіленген орындар.
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380- IV 8-тарау. Қызметкерлердің атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолдануы 59,60,61,62 бап.
4. Қаруды оқ-дәрілерді пайдалану барысында қауіпсіздік шаралары.

Әдебиеттер :

1. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы.
2. «Қазақстан Республикасының Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV (ҚР 23.04.2014 , ҚР 29.10.2015 толықтырулар мен өзгертулер) заңы.
3. І.Б. Нысанқұлов. Оқу құралы. «Атыс дайындығы». Қарағанды, 2008.
4. І.Б. Нысанқұлов. Оқу құралы. «Атыс даярлығы». Қарағанды, 2012.
5. Ф.Е.Бөрібай., Е.М.Махметов., З.Д.Хайрулла. «Атыс даярлығы». 2023.

Оқулық-тәрбиелік мақсаты:

1. Курсанттарға атыс даярлық пәнін және құқықтық-ұйымдастыру негізін таныстыру.
2. Курсанттарға қаруды және оқ-дәрілерді пайдалану барысында қауіпсіздік шараларын таныстыру.
3. Курсанттарды атыс қаруын пайдалануда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға тәрбиелеу.

Өткізілетін орны: тир**Әдісі:** әңгіме жүзінде түсіндіріп, көрсету**Сабақ түрі:** тәжірибелік**Оқулық сұрақтар:**

1. Атыс даярлығының негізгі мақсаты мен міндеті

2. Атыстар тирлерде немесе оқу орындарының аумағында (атыс алаңдарында, полигондарда) өткізіледі. Сонымен қатар, арнайы белгіленген орындар.

3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380- IV 8-тарау. Қызметкерлердің атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолдануы 59,60,61,62 бап.

4. Қаруды оқ-дәрілерді пайдалану барысында қауіпсіздік шаралары.

Материалдық қамтамасыз етілуі:

1.Презентация

2.Мультимедиапроектор

Әдістемелік - ұйымдастыруға нұсқаулар

Атыс даярлығы –ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін шыңдаудың негізгі бөлімі болып саналады. Барлық оқу және тәрбие жүйесі, курсанттардың келешекте Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарында қызмет етуіне байланысты білімдері, дағдылары мен жасай алулары және штаттық қаруларынан әр түрлі жағдайларда жауынгерлік тапсырмаларды орындай алуларына бағытталу тиіс.

Атыс қаруы қылмыстың жолын кесуге сондай-ақ, қылмыс жасаған адамдарды ұстауға өте тиімді құрал болып саналады. Бұл күнде адамзат баласы атыс қаруын ауыстыратындай басқа тиімдірек еш нәрсе тапқан жоқ. Сондықтан, оны заңды қолдану жеке бас құқығын, қоғам мен мемлекет мүддесін қорғау мақсатында шарасыздықтан беріледі.

Сонымен бірге республикада криминалдық жағдайдың шиеленісуі әсіресе құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қарсы шабуылдар мен қарсыласу санының өсуі, ауыр және аса ауыр қылмыстардың өсуі, сондай-ақ ұстау барысында олардың құқық қорғау органдарының қызметіне қарсылық көрсетуі мен қарулы шабуыл жасау санының артуынан атыс қаруын қолдану көрсеткіштерінің өсуіне тікелей ықпалын тигізеді.

Сондықтан атыс даярлығы пәнінің барлық тәжірибелік сабақтарында, курсант қарудың материалдық бөліктерін, атыс қаруын қолданудың құқықтық негіздерін, қауіпсіздік шараларын, жаттығу шарттары мен орындау тәртібін оқып білу және нормативтер мен қаруды пайдаланып жасайтын іс-әрекеттерді (тәсілдерді) жаттығып машықтануы тиіс.

Тәжірибелік оқытудың негізгі әдістеріне жаттығып машықтану-бұл оқытудың күрделі түрі, яғни білім алушылардың пе-дағдыларын қалыптастыру және оларды үздіксіз жетілдіру мақсатында үнемелі күрделеніп отыратын тәсілдерді саналы түрде бірнеше рет қайталауды қарастырады.

1. Атыс даярлығының негізгі мақсаты мен міндеті

Атыс даярлығының міндеті курсантқа (ертеңгі полиция қызметкеріне) кез-келген күрделі жағдайда, күндіз де түнде де болсын нысаналарды жою үшін табельдік қаруларын қолдана алуға, атыс қаруларының материалдық бөліктері мен қол және танкіге қарсы қолданатын гранаталардың, атыс қаруларынан ату әдістері мен тәртіптері негіздерін білуге үйрету.

Бүгінгі таңда еліміздің кейбір аймақтарында болып жатқан оқиғалар мен қылмыс сандарының өсуіне салдарына байланысты атыс даярлығының маңызды қажеттілігі туындап отыр. Себебі, ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруын, дене күші мен арнайы құралдарды қолдану факторлары көптеп кездесуде. Сондықтан ішкі істер органдары қызметкерлеріне атыс даярлығынан талап етілетін негізгі міндет, олардың қаруды пайдаланып қолданудың тиімді бағытына дағдыланып шыңдалуын қалыптастыру болып табылады.

Дегенмен, ПО кейбір қызметкерлері табельдік қаруларын білікті кәсіби түрде қолдана алмағандықтан, азаматтардың өмірі мен денсаулықтарына қауіп төндіреді.

Мұның негізгі себептері:

- Қауіпсіздік шараларының талаптарын сақтамайтындығы;
- Қарудың материалдық бөліктерінен білімдерінің таяздығы;
- Қарумен әрекет етуде шыңдалған дағдыларының болмауы, әсіресе қаруды оқсыздандыру мен тактикалық іс-қимылдар жасағанда;

Сондықтан ПО қызметкерлерінің атыс даярлығына талап етілетін негізгі міндет, олардың сенімді, дағдыланған жылдам, қауіпсіздікті сақтап атыс қаруын қолдана алатын қызметкерлерді қалыптастыру.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің қызмет бабында атыс қаруын пайдаланған жағдайларға жүргізілген зерттеу нәтижесінде, олардың қандай жағдайларда атыс қаруын қолдануға мәжбүр болғандығы анықталды.

Көбінесе қаруды 10 метр қашықтықта (жағдайдың 62,5 %) пайдаланып қолданған. Ал 20 метр қашықтықта жағдайдың тек 14 % ғана пайдаланған.

Атуды негізінен көбінесе тұрып тұрған қалыптан (59,9 %), жағдайдың 20,5 % автокөліктен, тізерлеп (6,0 %) атыс жүргізіледі екен. Тізерлеп атуды неғұрлым дене күшінен және кедергі келтірген факторлардан кейін жүргізуге ыңғайлы. Сонымен қатар көбінесе белгілі бір бекіністің артынан (жағдайдың 5,3 %) ату жүргізіледі. Яғни бұл мәліметтерден түйіндегеніміз қызметкерлер көбінесе өздеріне атуға ыңғайлы және тиімді қалыптарды пайдаланбайды. Бұдан бөлек жатып (3,9 %) және қозғалыста (4,4 %) дайындалып атуды қолданады.

Сондай-ақ жүргізілген зерттеулердің мәліметі бойынша көбінесе тапаншаны бір қолмен ұстап атуды (75,4 %), ал шектеулі уақытта жылдамдыққа ату кезінде екі қолдап (88,7 %) атыс жүргізген ыңғайлы деп тұжырымдайды.

Қызметкерлер негізінен көздеп аруды пайдаланады (63,8 % жағдай), дегенмен де кейбір сәттерде көздемей-ақ атыс жүргізеді (30 % жағдай).

Атыс жүргізу кезінде жағдайдың 5,3 % қызметкерлер оқжатарын ауыстыратын және ату кезінде атылмай қалатын – оталмай (осечка) 0,7 % сәттері болады екен.

Қызметкерлер көбінесе қаруды пайдалану немесе қолдану барысында белгілі әсер етіп кедергі болатын факторларды байқаған, айтар болсақ дене күші (13,3 % жағдай), психологиялық (29 % жағдай), өзіне қарсы оқ ату (9,6 % жағдай) оқиғаларға душар болған.

Жоғарыда көрсетілгендерден келісдей нәтиже шығаруға болады, яғни полиция қызметкері өзінің қызметтік міндетін сапалы атқарып орындау үшін атыс даярлығынан төмендегідей білімі мен дағдылары болу керек:

Білуі керек:

- атыс даярлық жүйесін және оның ішкі істер органдарының кәсіби қызмет құрылымындағы алатын орнын;

- Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс даярлығын ұйымдастыру жөніндегі тәлімдеменің негізгі ережелерін;

- атыс қаруларын заң тұрғысында жіктелуін;

- ПО қызметкерлерінің атыс қаруын қолдану және пайдаланудың құқықтық негіздерін;

- атыс қаруын қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларын;

- ПО қару-жарақ тізіміндегі қарулар мен оқ-дәрілердің арналуын, ұрыстық қасиеттерін, құрылысын, қолдану, сақтау, күтім жасау ережесін;

- Макаров тапаншасы мен Калашников автоматын қалыпты атуға келтіру тәртібін;

- тапанша мен автоматтан Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс даярлығын ұйымдастыру жөніндегі тәлімдемеге сәйкес жаттығуды атып орындау шарттарын;

- жедел-қызметтік жұмыс процесінде ПО қызметкерлерінің жеке және топпен әрекет ету тактикаларын;

- ПО бөліністерінде атыс даярлығын ұйымдастыру және жүргізу әдістерінің негізін.

Жасай алуы:

- Макаров тапаншасы мен Калашников автоматынан ату кезінде кідірістерді қалыпқа келтіруді;
- Макаров тапаншасы мен Калашников автоматын толық емес (жартылай) бөлшектеуді және толық емес бөлшектеуден кейін жинап орындауды;
- ату кезінде берілетін пәрмен бойынша қарумен тәсілді және әрекеттерді орындау;

- қару мен оқ-дәрілерді қарап тексеруді орындау;
- тәжірибелік ату нәтижелерін өздері сараптауды жүзеге асыруы (өз жұмыстарының нәтижелерін арттыру үшін қателіктерін тауып, уақытында түзету) керек.

Дағдыларды иеленуі:

- берілетін пәрмендер бойынша қарумен әрекет етуді;
- тапаншадан және автоматтан атыс жүргізуді;
- шектеусіз уақытта тапаншадан және автоматтан көздеп атуды;
- әртүрлі қалыпта тұрып ату бағытын қапталдарға ауыстыра, жүгіре қозғалыстан кейін, ату үшін әртүрлі атысқа даярлану мен қалыпты пайдаланып тапаншадан жылдам атуды;
- атыс даярлығы бойынша нормативтерді орындауды;
- өзінің қауіпсіздігін қорғауды, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті, болашақта қызмет бабында кездесетін жағдайлар негізінде атыс қаруын пайдаланып, құқыққа қарсы жайттардың жолын кесуді жүзеге асыруды меңгеруі керек.

Танып білу:

- Қазақстан Республикасы ИМ бұйрықтарына сәйкес және ПО қызметкерлерінің жедел-қызметтік міндеттерді орындау барысында қолданатын атыс қаруларының, қол гранаталарының, көздеу және бақылау аспаптарының негізгі түрлерін;
- ішкі және сыртқы баллистика негіздерін;
- ПО қару-жарақ тізімінде тұрған және заманауи қол атыс қаруларының арналуын, ұрыстық қасиетін, құрылымын, түрлерін, қолдану ережелерін, күтім жасау мен сақтауды;
- оқсыз ататын жаттығу құрылғысының сипаты мен жұмыс істеу жүйесін.

ҚР ҚМ мен ИМ атыс қарулары келесідей түрлерге бөлінеді:

- ұрыстық үлгідегі атыс қарулары-жаудың күшін жоюға арналған;
- оқулық үлгідегі атыс қарулары-үйренушілерге атыс тәсілдері мен тәртіптерін үйретуге арналған.

Калибрлеріне байланысты атыс қару түрлері шағын, орташа, кең калибрлі болып бөлінеді:

- Шағын калибрлі** атыс қаруларына 6,5 мм дейінгі калибрлі қарулар;
- Орташа** калибрлі атыс қаруларына 6,5мм-9мм дейінгі калибрлі қарулар жатады;
- Кең калибрлі** атыс қаруларына 9мм-14,5 мм дейінгі калибрлі қарулар жатады.

Ұстап басқару әдісіне қарай атыс қаруларының түрлері:

- Жеке қару-тапаншалар.** Бұл қарулар қысқа қашықтықта шабуылдауға және қорғануға арналған.

Бұлармен генералдар, офицерлер, сондай-ақ топтық қарулардың тасымалдауын қамтамасыз ететін сержанттар мен сарбаздар;
- **Топтық қарулар** бірнеше тұлғамен атыс жүргізуді қамтамасыз ететін қол, станокты және кең калибрлі пулеметтер.

2. Атыстар тирлерде немесе оқу орындарының аумағында (атыс алаңдарында, полигондарда) өткізіледі. Сонымен қатар, арнайы белгіленген орындар:

қауіпсіздік аумағы – қауіпсіз бағыты мен шегаралары анық белгіленген қарумен техникалық (бос) жаттығуға арналған орын (жауынгерлік патронды пайдалануға тыйым салынады);

қарулану және қарусыздану аумағы – қаруланған қарумен жүретін қызметкерлерге қаруды қаруландыру және қарусыздану аумағы;

бастапқы шеп – кезекті ауысымды сапқа тұрғызуға және дайындауға арналған орын, ол тылда атыс шебінен (5-10 м) қауіпсіз қашықтықта орналасады;

атыс шебі – орындалатын жаттығулардың шарттары бойынша ату жүргізуге рұқсат етілген орын;

жауынгерлік қоректену пункті – нысаналарды қарау және қолданылмаған оқ-дәрілерді есепке алу, беру және тапсыру орны, ол тылда бастапқы шептен 10-15 қашықтықта орналасады;

нысаналар шебі – нысаналық жағдай құрылған атыс жаттығуларын орындау үшін дайындалған учаске;

қауіпсіздік бұрышы – қарудың тұтқасын алып шығуға тыйым салатын бұрыш;

нысаналарды қарау шебі – нысаналарды қарауға және ату нәтижелерін бағалауға арналған орын, ол нысана сызығынан 1,5 - 2 м қашықтықта орналасады.

нысана – атыс жаттығуларын орындау кезінде жою объектісі болып табылатын нысан түрінде берілген жасанды нысана. Нысаналарда жеке аймақтарды сызықпен белгілеген кезде аталған аймақ сынақ (габаритті) аймағы болып есептеледі, оның шегінен тысқары жерге тигізу есепке алынбайды.

Бастапқы және атыс шептері, сондай-ақ жауынгерлік қоректенудің пункті ені 5-10 см сызықпен немесе сілтемелермен белгіленеді.

Тапаншадан ату кезінде картон (қағаз) немесе металл емес (резина, жұқа пластик және т.б.) нысаналарға дейінгі ұзақтық атыс шебінен үш метрден жақын болмауы керек.

Атыс шебінен металл нысаналарға немесе құрылғыларға дейінгі қашықтық:

тапаншадан 8 метрден жақын емес;

автоматтан 51 метрден жақын емес;

арнайы қарудан, бөлшектен және бытырадан 6 метрден жақын емес қашықтықты құрауы керек.

Бір атыс желісінен бірнеше қызметкерлердің бір уақытта атуын талап ететін жаттығуда ең аз қашықтық қамтамасыз етіледі: әрбір қызметкердің арасы тапанша үшін – 1.5 метр, автомат үшін – 3 метр.

3. Құқық қорғау қызметі туралы **Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380- IV**

8-тарау. Қызметкерлердің атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолдануы

59-бап. Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды және дене күшін қолданудың мақсаты

Атыс қаруы және өзге де қару, арнаулы құралдар және дене күші қоғамға қауіпті әрекеттерді тоқтату, құқық бұзушылықтардың сипаты мен нақты ахуалдарды ескере отырып, оларды жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу мақсатында қолданылады.

60-бап. Арнаулы құралдар мен дене күшін қолдану

1. Қызметкерлердің дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін, сондай-ақ арнаулы құралдарды, оның ішінде қол кісендерін, резина таяқтарды, көзден жас ағызатын заттарды, алаңдатып әсер ететін жарық-дыбыс құрылғыларын, үй-жайларды ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғыларды, суатқыштарды, қызметтік жануарларды, броньды машиналар мен тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да арнаулы көлік құралдарын:

1) жеке тұлғаларға, қызметкерлерге және қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген өзге де адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

2) кепілге алынған адамдарды босату, жаппай тәртіпсіздіктердің және қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың (қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстаудың белгіленген режимін топтасып бұзушылықтарды), сондай-ақ сотталғандар, күдіктілер және айыпталушылар түзеу мекемелерінен және тергеу изоляторларынан қашқан кездегі немесе қашқандарды ұстау кезіндегі құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу;

3) жеке тұлғаларға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер телімдеріне жасалған шабуылды тойтару, сол сияқты оларды басып алудан босату;

4) егер құқық бұзушылар (сотталғандар, күдіктілер, айыпталушылар және әкімшілік құқық бұзушылық жасағандар) қызметкерлерге, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді атқарып жүрген өзге де адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, оларды құқық қорғау органдарына жеткізу

үшін ұстау үшін, ұсталған, күзет қойылған адамдарды, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынған, сотталған, күдікті және айыпталушы адамдарды, не олардың қашып кетуі немесе айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін деп санауға жеткілікті негіздемелер болса, сондай-ақ қызметкерлердің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына қасақана кедергі келтіретін адамдарға қатысты күзетпен апару және күзету;

5) қызметкердің өзін-өзі қорғау немесе өзінің отбасының мүшелерін қорғау мақсатында оған және (немесе) олардың денсаулығына немесе өміріне ауыр зиян келтірудің нақты қаупі төнген кезде шабуылды тойтару;

6) қажетті қорғаныс, аса қажеттік;

7) егер бұл құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ егер хаттама жасау міндетті болып табылса, оны сол орында жасау мүмкін болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау мақсатында қажет болса, құқық бұзушыларды жеткізу;

8) егер жүргізуші қызметкердің тоқтату жөніндегі заңды талаптарына бағынбаса, көлік құралдарына ақау келтіру арқылы оларды тоқтату үшін қолдануға құқығы бар.

1-1. Қызметкерлердің осы Заңда атыс қаруын және өзге де қаруды қолдану рұқсат етілген барлық жағдайларда дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін, сондай-ақ арнайы құралдарды қолдануға құқығы бар.

1-2. Арнайы құралдың түрі, оны қолдану уақытының басталуы мен қарқындылығы орын алған жағдай, құқық бұзушылықтың сипаты және құқық бұзушының жеке басы ескеріле отырып айқындалады.

2. Айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды қоспағанда, әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білініп тұрған адамдарға және жас балаларға қатысты арнаулы құралдар мен жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

61-бап. Атыс қаруын және өзге де қаруды қолдану

1. Қызметкерлердің атыс қаруын және өзге де қаруды:

1) жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда оларды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, сол сияқты кепілге алынғандарды босату;

2) қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген адамдарға жасалған шабуылға тойтарыс беру;

2-1) құқық қорғау органының атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы көлік құралын тартып алу әрекеттерінің жолын кесу;

3) жеке тұлғалардың тұрғын үй-жайларына, құқық қорғау органдары күзететін объектілерге, мемлекеттік ұйымдардың үй-жайларына жасалған шабуылға тойтарыс беру, қызметтік немесе әскери нарядқа жасалған шабуылға тойтарыс беру;

4) қарсылық көрсететін не қылмыс жасау кезінде үстінен түскен, қамаудан қашқан адамдарды (әкімшілік қамақта ұсталатындардан басқа) ұстау, қаруланған адамдарды ұстау;

5) егер көлік жүргізуші қызметкердің заңды талаптарына бағынбаса және жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірсе, көлік құралдарына ақау келтіру арқылы оларды тоқтату;

6) адам өміріне немесе денсаулығына іс жүзінде қатер төндірген жағдайларда хайуанаттардың шабуылынан қорғану;

7) қару қолдану ниеті туралы азаматтарға ескерту, дабыл сигналын беру немесе көмекке шақыру үшін;

8) қажетті қорғаныстың және аса қажеттіліктің барлық өзге де жағдайларында қолдануға құқығы бар.

2. Әйелдерге, анық мүгедектік белгілері бар адамдарға, жасы белгілі немесе анық болған кезде кәмелетке толмағандарға қатысты, олар қарулы шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, адамдарды кепілге, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемесін басып алған не топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, қару қолдануға тыйым салынады.

62-бап. Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолдану шарттары

1. Атыс қаруы және өзге де қару, арнайы құралдар, дене күші осы Заңда көзделген жағдайларда қалыптасқан жағдай негізге алына отырып қолданылады.

2. Қызметкерлер атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолдануға байланысты жағдайларда әрекеттерге жарамдылығына арнайы даярлықтан, мерзімдік тексеруден өтуге міндетті.

3. Қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында немесе қылмыс жасаған адамды ұстаған кезде қызметкер өзінде қажетті арнайы құралдар немесе қару болмаған кезде қолда бар кез келген құралды пайдалануға, сондай-ақ осы Заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен жарактандыруда тұрмаған өзге де қаруды қолдануға құқылы.

4. Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолданған кезде қызметкерлер:

1) атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолдануды кешіктіру азаматтардың, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін, өзге де ауыр салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін болатын немесе қалыптасқан жағдайда мұндай ескерту орынсыз немесе мүмкін емес болып табылатын жағдайларды қоспағанда, атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолдану ниеті туралы ескертуге, бұл ретте оларды қолдану көзделіп

отырған адамдарға өзінің талаптарын орындау үшін жеткілікті уақыт беруге міндетті.

Атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды және дене күшін бөлімшенің (топтың) құрамында қолданған жағдайда, көрсетілген ескертуді бөлімше (топ) басшысы немесе арнаулы атағы, сыныптық шені, біліктілік сыныбы жоғары қызметкер жасайды;

2) жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті шаралар қолдануға;

3) атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін қолданғаны туралы тікелей басшыға дереу баяндауға міндетті.

5. Адамдардың қаза табуына немесе өзге де ауыр салдарға әкеп соққан атыс қаруы және өзге де қару, арнайы құралдар, дене күші қолданылған әрбір оқиға туралы прокурорға дереу хабар беріледі.

6. Қызметкерлердің атыс қаруын және өзге де қаруды, арнайы құралдарды, дене күшін өз өкілеттіктерін асыра пайдалана отырып қолдануы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

4. Қаруды және оқ-дәрілерді қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

ПО қызметкерлері оларға берілген қару мен оқ-дәрілердің сақталуына және жай-күйіне жауапты, осыған байланысты қаруды және оқ-дәрілерді пайдаланғанда белгіленген қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға және оны күтіп ұстауға міндетті.

Қызметке шығар алдында нұсқау өткізетін адамдар табельдік қаруды және оқ-дәрілерді қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларды сақтау жөніндегі талаптарды түсіндіреді, сондай-ақ ПО қызметкерлерінің қаруды қолданудың құқықтық негіздері мен оның материалдық-техникалық бөлімі бойынша білімдерін тексереді.

Бекітілген қаруды алған және тапсырған кезде аталған қаруды кезекшінің немесе оның орнын алмастыратын адамның көзінше, арнайы жабдықталған үй-жайда оқталмағанына келесі тәртіпте тексереді:

1) қарудың ұңғысын арнайы белгіленген орынға бағыттайды (күм салынған жәшік, оқ ұстағыш және т.б.);

2) оқжатарды ажыратады;

3) патронның оқтықта бар-жоғын тексереді: сақтандырғышты қосады, бекітпені (бекітпе жақтауы) соңына дейін 2-3 рет тартады, оқсауытты қарайды және жібереді, ағытқыш ілгекті басады және сақтандырғышты қосады.

1. Қызмет өткеру үшін қару алған кезде оқжатарды жауынгерлік патрондармен жарақтайды, бір оқжатарды тапанша сабының негізіне салады (автоматқа жалғайды), ал екіншісі тиісті кіші сөмкеге салынады. Қарудың сақтандырғышы қосулы жағдайда тұрады.

2. Қызмет өткеру кезінде ерекше қажеттіліксіз қаруды тапанша қаптан алуға, оны қаруды сақтау қарастылымаған орындарға қоюға

(қызметтік сейфтер, сөрелер және т.б.), сондай-ақ басқа адамдардан беріп жіберуге тыйым салынады. Тапаншалар қызмет өткеру уақытында, сондай-ақ атыстарды өткізу орнына бару және кері қайтуы кезінде белге баумен бекітіледі. Қаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны қолдану үшін жауынгерлік даярлыққа келтіріледі.

Сабақ өткізудің алдында атыс басшысы соңында қызметкерлер ведомоске қол қоятын нұсқау жүргізеді.

Қауіпсіздік шараларының негізгі ережелері:

1) атыс барысында қауіпсіздікті қатаң сақтаумен, атысты дұрыс ұйымдастырумен, қызметкерлердің жоғарғы тәртіптілігімен қамтамасыз етіледі;

2) әр қызметкер, қаруларды және оқ-дәрілерді пайдалану барысында бекітілген қауіпсіздік шараларын білуі және сөзсіз сақтауы тиіс;

3) өткізілетін іс-шараның дәл және сауатты басқарылуымен, қарудың, оққабылдағыштың ақаусыздығымен, жарықтандырумен, күшейту және команда беру құралдарымен қамтамасыз етіледі;

4) ашық түрдегі атыс орнының (полигонның) шектері: «Атыс орны», «Тоқта, атып жатыр», «Өту және өтіп кетуге тыйым салынған» деген жазулармен белгіленеді, бұлар қашықтан жақсы көрінетін жерге, сондай-ақ атыс орнының (полигонның) аумағына апаратын соқпақтар мен жолдардың қиылыстарына орнатылады. Қажет болған жағдайда атыс орнының (полигонның) шектерінде траншеялар қазылуы мүмкін. Барлық жолдар мен жүргінші соқпақтар шлагбаумдармен немесе басқа да бөгеттермен жабылады. Одан басқа, атыс орнына (полигонға) жақын елді мекендерге, атыс өтіп жатқан уақытта атыс орны (тирдің) аумағына кіруге, өтуге тыйым салынғаны жөнінде хабарламалар ілінеді. Атыс ұйымдастырылып және өткізіліп жатқан аймаққа бөтен адамдар бақылаусыз кіруге болмайды;

5) оқ атуға рұқсатты атыс басшылары және атыс шебінде тұрған олардың көмекшілері береді. Оқ ату «Ат» немесе «Алға» командасымен жүргізіледі. Атыс «Тоқта», «Тоқта, атуды тоқтат», «Тоқтат» командасымен немесе сигнал беру құрылғысының сигналымен (таймер, ысқырық) тоқтатылады;

6) атыс және бастапқы шепте ұялы байланыс құралдары сөндірулі болуы тиіс;

7) бұрылу, аунау, тоңқалау және секірумен байланысты ату жаттығуларын орындау кезінде қарудың қорғағышы оқ атқан сәтке дейін қосылып тұруы тиіс;

8) қозғалыста ату жаттығуларын орындау кезінде, сондай-ақ шектелмеген уақытта ату кезінде атыстар арасындағы үзілісте қаруды алға (өз алдына) бұру қажет;

9) мынадай жағдайларда барлық атушылар өз еріктерімен немесе атыс басшысының командасымен оқ атуды доғарулары керек:

адамдар, машина немесе жануарлар нысана алаңында пайда болған жағдайда, сондай-ақ ұшатын аппараттардың атыс аумағынан төмен ұшқанда;

командалық пунктте немесе блиндажда (панада) ақ жалау (фонарь) көтерілгенде;

атыстан оқ шыққан жағдайда;

10) шуға қарсы құлаққаптар және қорғаныс көзілдіріктері жаттығу басталғанға дейін киеді және түзетеді, аяқталғаннан кейін шешіледі;

Қатаң түрде тиым салынады:

- қалыпты атысқа келтірілмеген қарудан атуға;
- атыс жетекшісінің рұқсатынсыз қаруды қабынан алуға немесе оны тапанша қаптан шығаруға;
- қару оқтаулы не оқталғанына қарамастан, оны адам (адамдар) жаққа немесе оның (олардың) аяқ асты шығатын бағытына бағыттауға;

колдағы қарумен шуға қарсы құлаққапты киюге, ретке келтіруге немесе шешуге;

- ұңғыны нысана бағытына бағыттағанға дейін тежегіш ілмеге саусақ тигізуге;
- атыс басшысының командасынсыз қаруды жауынгерлік немесе бос патрондармен оқтауға;
- атыс орнының (полигонның) командалық пунктінде ақ жалау (фонарь) көтерулі тұрған жағдайда атыс жетекшісінің
- командасынсыз қауіпті бағыттарға оқ атуға және ату жүргізуге;
- атыс шебінде немесе өзге де орында оқтаулы қаруды қалдыруға, сондай-ақ оны басқа адамға беруге.

Гильзада тот, майысқан немесе жасыл қақ болса, оқ гильзаға жеткіліксіз бекітілсе, капсюль гильза түбінің үстіне қарай шығып тұрса оқ-дәрілерді қолдануға тыйым салынады.

Қызметкерлер осы нұсқаманың талаптарын бұзған жағдайда оқ ату тез арада тоқтатылады. Қауіпсіздік шараларын бұзған қызметкерге «қанағаттанарлықсыз» деген баға қоя отырып, ату шебінен шығарылады.

ПО қызметкерлері атыс Кодексін сақтауға міндетті (әр қызметкер):

«Мен әрқашан қарумен қаруланғандай қараймын»;

«Қаруды ешқашан атпайтын жаққа қарай бағыттамаймын»;

«Мен ешқашан қаруды нысанаға бағыттамағанша ағытқыш ілмекті баспаймын»;

«Атудың алдында, Мен әрқашан нысананың алдында және артында кім тұрғанын тексеремін».